Ай сайын топ студенттерімен бірге Адалдық сағатына арналған дәстүрлі кураторлық жиын онлайн форматта өткізіліп отырды. Онда бүгінде күні еліміздегі білім саласындағы жемқорлық мәселесі жайлы және онымен күрес жолдары туралы жан-жақты, толыққанды әңгімелер айтылып, мысалдар келтіріліп отырылды. Және жемқорлықтың апарып соғатын жамандықтары мен болатын салдарлары жайлы ашық айтылып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырылды. Студенттердің адамгершілік адалдық қағидаларын берік ұстанатын жандар ретінде қалыптасуына ықпал етуге барынша күш салынды. Сонымен қатар, топ мүшелерінің жыл сайынғы медициналық тексерден өту сияқты шараларды дер кезінде орындауды қамтамасыз ету мәселелеріне де көңіл аударылды.

Студенттік академиялық топтарда оқу жылының басынан бастап ватсаб әлеуметтік желісінде ортақ чаттар құрылып, оқу, тәрбие және ұйымдастыру мәселелеріне қатысты барлық өзекті сұрақтар талқыланып отырылды. Топтармен жүргізілетін кураторлық сағаттар мен басқа да мәдени-ұйымдастырушылық шаралар ZOOM және TEAMS платформалары арқылы ұйымдастырылды. Оқуға жаңа түскен бірінші курс студенттері TEAMS платформасына тіркелді. Оның ішінде шетелдік студенттерді аталған TEAMS платформасына тәркеу үшін арнайы ЖСН беру жұмыстары да уақыты жүргізілді. Соның

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 42-ші беті

арқысында, бірінші курстықтар өз сабақтарын жоспарға сай, кешіктірмей бастауға мүмкіндік алды.

Студенттердің қай жерде, қандай жағдайда жүргенін және отбасылық жағдайының нашарлап кетпеуін қадағалау мақсатында тұрақты байланыс жасалып, сұрау салынып отырылды.

Арнайы гаджеттері жоқ астаналық және елдеріне кете алмай қалған шетелдік студенттерді кафедраның ұйымдастыру-техникалық базасынан компьютерлер мен ноутбуктермен қамтамасыз ету жұмысы жүргізілді.

Студенттердің аралық емтиханды ойдағыдай өткізулері үшін Интернет желісіне қосылу жайы туралы сұрау салынып, болуы мүмкін қиындықтардың алдын алу шаралары қарастырылды.

### **1. Интеллектуальды мәдениетті дамыту**

**2020 жылғы 30 қыркүйек** күні Журналистика және саясаттану факультетінің 2-курс докторанты Рыскельдинова Салтанаттың ғылыми-педагогикалық тәжірибесінің аясында, сонымен қатар «Көзқарас» клубының жоспарына сай, БІ-11 тобының студенттерінің қатысуымен «Қазақ даласының сұңқары - Абай Құнанбайұлы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті.

Тәрбие сағаты Қазақстан телеарнасындағы «Таңшолпан» бағдарламасының форматына сай ұйымдастырылды. Шараның басты мақсаты - студенттерді ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстырып, Абайдың даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттау болды. Телебағдарлама форматында жүргізу арқылы білім алушылардың көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, журналист мамандығының қыр-сырын ашуға көмектесу жоспарланды.

Ашық сабақ барысында Абайдың балалық шағы, білім алған ортасы, оның тұлға ретінде қалыптасуына әсер еткен адамдар туралы, шығармашылығының тамыр ұстары шығыс әлемі жайлы бейнематериал көрсетілді.

Моңғолиядан келіп оқып жатқан қандастырымыз - Канжил Маруа мен Ахират Күлзира ақынның поэзиясынан үзінді оқыды. Нысанқұл Дарифаұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты тың деректермен бөлісті. Ұлықманова Ғазиза Семейдегі Абай Құнанбайұлының «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-музейіне онлайн саяхат жасады. Ақынның соңғы 11 жылын өткізген шаңырағының ішін аралатып, өзі қолданған үстел, кітаптары мен сия сауыт және т.б. жәдігерлерімен таныстырды.

**2020 жылдың 9 қазаны** күні ҚЖ-11 тобының кураторы Б.Тоқтарбай топ студенттері үшін «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті, ҚР журналистика академиясының академигі, білікті медиаменеджер Бибігүл Жексенбаймен кездесу ұйымдастырды. Онлайн кездесуде Бибігүл Нұрғалиқызы студенттер қойған әрбір сұраққа ыждағатпен жауап берді.

ZOOM платформасында өткен кездесуге Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінен, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінен, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінен студенттер қатысты. Онлайн кездесуге Журналистика және саясаттану факультетінің деканы Қ.Ө.Сақ, баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессорлары С.Е.тапанова, М.Б. Шындалиева, аға оқытушы Б.Тоқтарбай, сондай-ақ магистранттар мен докторанттар, студенттер қатысты.

**2020 жылдың 16 қазанында** куратор А.Смаилованың ұйымдастыруымен телерадио жүргізушілері Антон Зыкин, Азамат Имашевпен кездесу өткізді. Кездесу барысында радиожурналистика мәселелері талқыланды.

**2020 жылғы 27 қаңтарда** Журналистика және саясаттану факультетінің 1 курс студенттері № 6 студенттер үйінде ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, қазақ ән өнерінің хас жүйріктерінің бірі, композитор, актер, әйгілі Жәнібек Кәрменовтың шәкірті Құмарбек Қалқатаевпен жүздесті. Кеш шымылдығын факультет деканы, белгілі алаштанушы ғалым Сақ Қайрат Өмірбайұлы ашты.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 43-ші беті

Кеш қонағы Құмарбек Қалқатаев бала кезінен ән мен жырға, музыкаға құмар болып өскені, бала Құмарбектің балаң қиялы, өнер әлеміне қалай келгені, қазақ өнеріне деген риясыз махаббаты жайлы қатысушыларға сырларымен бөлісті. Алдымен Төлеген Айбергеновтің «Сағыныш» атты өлеңін оқып, «Менің жан-дүнием сағыныштан жаратылған. Мен көнекөз ауыл қарттарын, жанға ыстық туған жерді, қобыздың үнін сағынамын...» деп сағыныш сезімін толғана жеткізді. Біржан салдың, Абайдың әндерін киелі домбырамен күмбірлете орындап, көңіл қылын шертер есті әндерді еске салды. Кездесу барысында Құмарбек Қалқатаев өзінің өнегелі өнер жолындағы естеліктермен қоса, студенттермен келелі кеңесімен де бөлісті. Студенттеріміз де саф өнерден кенде еместігін көрсетіп, өнерлерін ортаға салды. Мәселен, ҚЖ-13 тобының студенті Кабдыманапов Досжан Секен Тұрысбектің «Көңіл толқыны» күйін нақышына келтіре орындаса, ҚЖ-11 тобының студенті Рақымберді Мақсат М.Шахановтың «Жігерлендіру» атты өлеңін оқып берді. БІ-11 тобының студенттері Нысанкүл Дариға «Қасиетті домбыра» атты өз шығармашылығынан жүрекжарды жырын оқып, Тастанова Алмагүл халық әні «Күміс құман-айды» өз нақышына келтіре орындауымен кеш ажары айшықтала түсті. СЖ-11 тобы студенті Таңатқызы Шуақ ғибратты кездесудің тағылымын айта келе, Құмарбек Қалқатаевқа арнап жазған өлеңін оқып берді.

«Әншінің пірі - Әміре» атты моно-спектаклінде тұңғыш рет Әміре Қашаубаевтың рөлін сомдаған талантты актер ретінде театр өнері туралы да сөз қозғап, бұл өнердің жанына тым ыстық екенін жасырмады. Өнер жолындағы ұстазы Ақселеу Сейдімбекке шәкірт болғанын зор мақтаныш санайтындығын айтып, еліміздің дамуына үлкен үлес қосқан даңқты механизатор, тың ардагері, Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаеваға арналған «Қазақтың Кәмшаты» атты бір жылға жуық уақыт жазылған әнінің шығу тарихымен бөлісті.

## **2. Азаматтық-патриоттық тәрбие**

**2021 жылғы 9 ақпан күні**, сағат 14:10-да «Әскери журналистика» пәні аясында халықаралық әскери және саяси журналист, «100 жаңа есім» жобасының лауреаты Назгүл Кенжетаймен MS TEAMS платформасында онлайн кездесу өтті.

**2021 жылғы 18 ақпан күні** еліміздің ұлы тұлғаларының бірі, жүз жасаған Жамбыл атамыздың туғанына 175 жыл толлуына орай, БІ-31 тобының ұйымдастыруымен жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың осы мерейтойына арналған "Жамбыл және жас ұрпақ тәрбиесі" атты ашық кураторлық сабақ өтті.

Топ старостасы Аружан Алпысбай жиналғандарды Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығымен таныстырса, студент Мөлдір Бәкір ақынның шығармашылығына бүгінгі күннің биігінен қарай отырып, қазіргі жас ұрпақтың көзқарасымен талдау жасады. Сонымен қатар, топ студенттері ақын аталарының жастарға арнап әр жылдары жазылған өлеңдерін жатқа оқыды.

**2021 жылғы 21 ақпан күні** Баспа ісі-31 тобының ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында топ кураторы М.Ештанаева ата-аналарға онлайн сабақтың мәні және онлайн сабақ барысындағы студенттерге қойылатын негізгі талаптар жайлы түсіндірді.

Сонымен қатар, ата-аналарға әлемдік пандемия салдарынан елордаға келе алмай, сабақты үйден оқуға мәжбүр болып отырған студент балаларына жағдай жасап, үй шаруасынан барынша босату, сөйтіп оқытушылардың берген тапсырмаларын орындауға уақытты көбірек беріп, көмек көрсету қажеттігі де айтылды.

Кездесу студенттердің аналары үйде болатын жексенбі күні кешкі сағат 20.00-де өткізілді.

**2021 жылғы 14 сәуір күні** ҚЖ-21 тобы топ кураторы Гүлмира Әшірбекованың жетекшілік етуімен аз қамтылған отбасыға азық-түлік жағынан қайырымдылық көмек



	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 44-ші беті

көрсетті. Студенттер өз орталарынан екі күн ішінде 30000 теңге жинап, азық-түлік және көптеген сыйлықтар алып табыстады.

Жалғыз басты ананың асырауындағы отбасында 4 баласы бар. Ең үлкен баласы 11-де, кішкентайы 3 жаста. Оған қоса отанасының сіңілісі және оның қызы бәрі бірге, бір үйді жалдап тұрады.

Тұрып жатқан үйлері уақытша болғандықтан, үнемі көшіп-қонып жүруге мәжбүр. Төрт баланың анасы Ильмира Нуриева «Mega silk way» сауда үйінде ыдыс жуып, еден тазалап, балаларын асырап-бағу үшін екі жұмысты қатар атқаруда.

**2021 жылғы 6 мамырда** Журналистика және саясаттану факультеті деканының орынбасары Гүлжауһар Болатова жетекшілік ететін «Көзқарас» клубы мен факультет старостасы Отан қорғаушылар күніне ұйымдастырған «Айбының әрдайым асқақ, байрағың қашан да биік болсын!» атты мерекелік онлайн-концерт өтті.

Ер азаматтарымызды құттықтау рәсімі Журналистика және саясаттану факультетіне 11 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отыр. Салтанатты шараның шымалдығын ашқан факультет деканы, профессор Қайрат Өмірбайұлы ашып, айтулы датаның біз үшін аса маңызды екенін айта келе, факультеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларды қос мерекемен құттықтап, лебізін білдірді.

Мерекелік концерт Қуандық Аружан, Амантай Жұлдыз, Тастанова Алмагүл, Нысанқұл Дариға, Күзембаева Гүлмира, Байғазы Ақсәуле, Тәңірбергенұлы Ардақ, Макажанова Наргиз, Алпысбай Аружан, Санақова Саяна, Ермек Аңсаған, Левченко Алина сынды факультетіміздің өнерлі студенттерінің әуелете ән орындап, күмбірлете күй шертіп, сәмбі талдай бұрала билеп, жыр жауһарларын шашуымен жалғасты.

Мерекелік шара соңында факультет деканының орынбасары Гүлжауһар Жамбылқызы, Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Шайтмағанбетқызы, Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Серікзат Мақсұтұлы, Саясаттану кафедрасының меңгерушісі Бағыш Ахметқызы ұжым мен білім алушыларды бүгінгі айтулы мерекемен құттықтап, өнер көрсеткен студент жастарға алғыстарын білдірді.

#### **4. Құқықтық тәрбие**

**2020 жылғы 28 қаңтарда** күні Нұр-Сұлтан қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Департаменті жанынан құрылған ақпараттық үгіт-насихат штабының мүшесі, «Әдеп» жобалық кеңсесінің жетекшісі, заң ғылымдарының кандидаты Еркебұлан Нұғманов студенттік кинотеатрда «Қоғам және жастар» тақырыбында «Әдеп» белсенділерімен бірлесіп, бірінші курс студенттерімен онлайн семинар өткізді.

Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл ретінде сыбайлас жемқорлық фактілерін алдын алу, анықтау және осыған қатынасты тәуекелдерді талдау, сонымен қатар жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткізілген шараға Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ректорының сыртқы байланыс жөніндегі кеңесшісі Зейнуллин Серикбол мен Журналистика және саясаттану факультеті Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Әшірбекова Гүлмира Шайтмағанбетқызы қонақ ретінде қатысты.

Кездесу барысында доцент Гүлмира Шайтмағанбетқызы студенттер тарапынан қойылған «Қоғам және жастар» тақырыбы аясындағы барлық сұрақтарға тұшымды, түсінікті жауап берді.

Ағымдағы оқу жылының II семестрінде дәстүрлі форматта оқуға келіп жатқан 1 курс студенттерінің тәртібі ерекше бақылауға алыну қажеттігі мен сабаққа дер кезінде қатысуы бақылауға алынатыны ескертілді.

Эфир соңында Еркебұлан Еркінұлы семинарға арнайы уақыт бөліп қатысып, қажетті ақпараттар мен ұсыныстарын бөліскені үшін қонақтарға зор алғысын білдірді.



	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 45-ші беті

### 3. Рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру

**2020 жылғы 30 қаңтарда** Елордадағы Қазақстан Ұлттық академиялық кітапханасында алғашқы санының басылып шыққанына 27 жыл болған халықаралық «Türkistan» саяси апталығында ширек ғасыр ішінде жарияланған ең үздік мақалалар мен сұхбаттардан құрастырылған «Türkistan» газеті» жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Жиынды «Türkistan» газетінің Бас редакторы Қуат Әуесбай ашып, газеттің осыған дейінгі жетістіктері мен бүгінгі жағдайына қысқаша шолу жасады. Тұсаукесерде еліміздегі Бас редакторлар клубының вице-президенті, саясаттанушы публицист Кенжеболат Жолдыбай, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Кәрімбек Құрманәлиев, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің деканы, профессор Қайрат Сақ, осы университеттің Баспасөз және баспа ісі кафедрасы меңгерушісі, доцент Гүлмира Әшірбекова, Бас редакторлар клубының бірінші вице-президенті, профессор Мұратбек Тоқтағазин, Қазақстан Жазушылар Одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры, ақын Дәулеткерей Кәпұлы, «Отандастар» қорының ресми өкілі Еркін Байғабылұлы, «Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары Ерболат Кәмен, Қазақстан Ұлттық академиялық кітапханасы директоры Үмітхан Мұңалбаева т.б. БАҚ өкілдері қатысып, сөз сөйледі.

Алаш баспасөзі мен көсемсөзін зерттеу бағыты бойынша ғылыми мектебі бар ғалым ретінде ақпарат саласы мамандары жоғары бағалайтын, журналистер шеберханасының ұстасы да ұстазы Қайрат Өмірбайұлы «Türkistan» саяси апталығының қазақ баспасөзінде өзіндік үлгі-өрнегі барын және басылымның ширек ғасырдан астам уақыттан бері ұлттық руханият пен түркі әлемі үшін зор еңбек сіңіріп келе жатқанын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, лентасы қиылып, оқырмандарына жол тартқан «Türkistan» газеті» жинағының маңызы туралы да жылы лебізін білдірді. Бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе баспасөз саласы электронды форматқа көшіп жатқан шақтың өзінде бұрынғы қалпын да сақтап, заманауи үрдістен де қалмай оқырманның ықыласына бөленген газеттің болашағы зор екенін айта келе, барша түркі жұртына ортақ басылымның ұжымы мен оқырмандарын айтулы қуаныштарымен құттықтап, Алаш баласын сүйіншілейтін ақжолтай ақпараттар мен ел беделін арттыру, оқырмандарының рухын көтеру, іргелі істерге жұмылдыру мұратымен жазған мәйекті мақалалардың көп жазылуына тілектістігін білдірді.

Доцент Гүлмира Шайтмағанбетқызы да өз кезегінде «Тәуелсіздік кезеңіндегі мерзімді баспасөз: тарихы мен тәжірибесі» атты тақырыпта үздік баяндама жасап, өз ұсыныстарын да атап өтті. Сондай-ақ, еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері қоғамның, экономикалық, саяси һәм рухани-мәдени тыныс-тіршілігінің өзекті мәселелері мен жетістіктерін бұқараға кеңінен жеткізіп келе жатқан «Türkistan» газетінің ақпарат айдынындағы айрықша орнына тоқтала келе, газеттің талдаулары терең, мазмұны бай, тілі шұрайлы материалдарында барлық саланы қамти отырып, қоғамның дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқандығын ризашылықпен жеткізді.

«Türkistan» халықаралық газеті мен Қайрат Сақ басшылық ететін Журналистика және саясаттану факультеті арасында студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізу туралы келісім-шарт бар. Соның негізінде қазірдің өзінде факультеттің он шақты студенті газетте өздерінің шығармашылық шеберліктерін шыңдауда. Сонымен қоса аталмыш факультеттің бірнеше түлектері «Türkistan» саяси апталығында қызмет етуде. Осы тұрғыда басылым мен ЕҰУ әрқашан да шығармашылық тұрғыдан бірлесе жұмыс істейді.

**2021 жылғы 1 наурызда** Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің Баспасөз және баспа ісі кафедрасының БІ-31 академиялық тобында «Аналарға алғыс» атты кураторлық сағат ұйымдастырылып, өткізілді.

Алдын-ала дайындалған сценарий бойынша, топ кураторы М.Ештанаева топ студенттерінің аналарын ZOOM платформасында өткізілетін кезекті ата-аналар жиналысына

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 46-ші беті

шақырды. Жиналыстың күн тәртібіндегі студенттердің сабаққа қатынасы, оқу барысы және тағы да басқа да мәселелер жайлы сөз болып жатқан уақытта, ата-аналар үшін күтпеген тосынсый жасалып, топ студенттері бәрі бірден конференцияға қосылып, әрқайсысы өз аналарын құттықтай бастайды.

Арнайы дайындалған бейнеролик көрсетіліп, студенттер ата-аналарының және отбасының фото суреттерін көрсетіп, ол аналарға арналған әдемі әнмен өрнектеледі. Бір үйде болғанымен, басқа бөлмеден онлайн түрде балаларынан мұндай құттықтау күтпеген аналардың біразы көздеріне жас алып, көңілдері босады. Шара соңында топ студенттерінің аналары осы шараны ұйымдастырған топ кураторы мен өз балаларына алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

**2021 жылғы 4 наурызда** Баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы, БІ-31 тобының кураторы Мақпал Ештанаеваның ұйымдастыруымен 4 наурыз күні халқымызды дүние жүзіне танытқан әйгілі әнші Димаш Құдайбергеновтың анасы Светлана Ермекқызы Айтбаевамен онлайн кездесу өтті. Музыка – сыр мен сымбатқа, сиқырға толы ерекше әлем. Әуезді сезіну, табиғат берген дауысыңмен дүйім халықты баурап, қолдау-қошеметіне ие болу – әркімге беріле бермейтін бақ. Ал, Құдайбергеновтердің отбасы – бұндай ерекше дарынның ана сүтімен, әке тағылымымен даритынының бірден-бір мысалы десек қателеспеспіз.

Алғыс айту күні мен Әйел-Аналар күні арасында арнайы ұйымдастырылған кештің басты мақсаты – әлемге аты мәшһүр болған тұлғаны тәрбиелеген әке-шешенің, ата-әженің тәжірбиесімен жас ұрпақты таныстыру. Әрі Светлана Ермекқызы тек Димаштың анасы ғана емес, сонымен қатар, оның өзі де кәсіби, рухани, қоғамдық тұрғыда жан-жақты қалыптасқан тұлға. Танымал әнші, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Миссис Ақтөбе» атанған аяулы ару жар, бірнеше мәрте Ақтөбе облыстық Мәслихатының депутаты, «Құрмет» орденінің кавалері, Нұр-Сұлтан қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясының солисі, сүйкімді келін, Димашпен қатар Раушан, Әбілмансұр есімді балаларын тәрбиелеп отырған ардақты ана. Бүкіл әлем халқы үшін қазақтың отбасы институтының үлгісі, эталоны болып, қаншама жұрттың қызығушылығын тудырып отырған үлкен отбасынан шыққан Димаштың өсу, даму жолы жайында әдемі қазақы тілмен баяндап берген Светлана ханымға студенттер де түрлі тақырыптағы көптеген сұрақтар қойып, тұщымды жауап алды.

Ана мен баланың, ене мен келіннің арасындағы сыйластық, шаңырақтың отанасының үлкен отбасындағы жалпы жауапкершілік жүгі жайлы бойжеткендерге өз өмірінен мысал келтіре отырып, ақыл-кеңесін айтты. Кездесуге Журналистика және саясаттану факультетімен қатар, басқа да факультеттердің студенттері мен оқытушылары қатысып, С.Айтбаеваға және оның отбасына деген жақсы тілектерін білдірді.

«Баспасөз және баспа ісі» кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Әшірбекова да қонаққа зор алғысын айтып, Димаштың және оның отбасындағы өнерлі тұлғалардың шығармашылығына зор табыс тіледі. Светлана Айтбаева да болашақ журналистердің сөз саптауына және ойларының еркіндігіне ризашылығын білдірді. Журналистиканың болашағы зор екендігіне сенімді екенін айта отырып, студенттерге ақ жарма тілектерін жаудырып, келешекте олармен көзбе-көз жүздесе отырып, асықпай сырласуға дайын екенін айтты. Кездесуге қатысқан білім алушылар өз сөздерінде Светлана ханымның көргенділігі мен мәдениеттілігіне таң қала отырып, «ұлық болсаң, кішік бол» деген мақалдың терең мағынасын енді анық түсіндік деп қорытындылады.

## **6. Толеранттылық пен ұлтаралық келісімді қалыптастыру**

**2021 жылғы 26-30 сәуір** аралығында Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті арасындағы

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 47-ші беті

ынтымақтастық меморандумын жүзеге асыру мақсатында «Медиакеңістіктегі конфессияаралық диалог: ортақ құндылықтар мен тәжірибе» атты журналистердің біліктілігін арттыру онлайн курсы өтті. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы, университеттің 25 жылдық мерейтойы аясындағы апталық курсты Журналистика және саясаттану факультетінің Баспасөз және баспа ісі кафедрасы ұйымдастырды.

Медиа саласының мамандарын дайындайтын іргелі жоғары білім ордасы ретінде ауқымды шараны ұйымдастыруда межелі мақсатқа қол жеткізу көзделген. Солардың бірі – медианарықта салалық журналистерді дайындау. Айта кетейік, осы уақытқа дейін журналистика және саясаттану факультетінде спорт журналистикасы, халықаралық журналистика, цифрлық медиаменеджер білім беру бағдарламалары жүзеге асырылды. Алдағы уақытта да университетте салалық журналистика мәселелерін зерттеу мен оқыту мәселелері жалғасын таппақ.

26-30 сәуір аралығында жүргізілген курс «Конфессияаралық диалог – тұрақты даму кепілі», «Конфессияаралық мәселелерді заңнамалық тұрғыдан реттеу», «Діни журналистика: зерттеу әдістері және контент-талдау», «Әлемдік өркениеттер тоғысындағы діни толеранттылық, ортақ құндылықтар», «Ұлттық қауіпсіздік мәселелері: «Жусан» операциясы» атты бес модульге бөлінген. Әрбір модуль бойынша жетекші мамандар дәріс оқып, тәжірибелерімен бөлісті.

## **7. Деструктивті діни идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру**

**2020 жылдың 1 қазаны** күні Баспасөз және баспа ісі кафедрасының II курс докторанты Өтемісов Жәнібек Баспасөз және баспа ісі кафедрасының «Баспа ісі - 21» тобы студенттеріне «Жастарды адамгершілікке тәрбиелеудегі діннің рөлі» атты тақырыпта онлайн ашық тәрбие сағатын өткізді (Пән мұғалімі филол.ғ.к., доц. Мұратбек Тоқтағазин). Тәрбие сағатының мақсаты - жастарға адамгершілік, отансүйгіштік, ғылым-білім және діл құндылықтарын түсіндіру болатын.

Ашық тәрбие сағатында Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов сынды ғалым-ойшылдардың ғылым, білім, өнер жолымен қазақты қараңғылықтан құтқаруға атсалысқаны, надандық шырмауынан шығаруға, жарық күнге ұмтылуға үндеген шығармалары қамтылып, олардың халықты тәрбиелеп, адамгершілікке, имандылыққа шақырып, діни ғибратты ойлар айтқаны түсіндірілді.

Тәрбие сабағы мемлекет зиялылары еліміздің ұлттық болмысымыздың, діліміздің діңгегі болып табылатын асыл дініміздің қайта жандануына, әрі қарай дамуына қосқан үлесі үлкен болатындығымен қорытындыланды.


Дәріс барысында тақырыпты толық ашу үшін инфографика, мәтін, сұрақ-жауап әдісі қолданылды және жоспарлы түрде алға қойған мақсатына жетті.

**2021 жылғы 23 сәуірде** Баспасөз және баспа ісі кафедрасында студент-жастар арасында нашақорлықтың және есірткінің алдын алуға бағытталған «Нашақорлық - дерт» атты кураторлық сағат өткізілді. Оған Қазақстан Республикасының Тарихшылар конгресінің мүшесі, гуманитарлық ғылымдар магистрі, тарихшы, шежіреші Бақытхан Солтанбайұлы қатысты.

Ғасыр проблемасына арналған жайттар сөз болған іс-шараны БІ-41 тобының кураторы профессор М.Б.Тоқтағазин мен топ студенттері ұйымдастырды. Шара онлайн форматта ZOOM платформасында өтті.

## **8. Экономикалық және кәсіби қызметтік тәрбие**

**2020 жылдың 9 қараша күні** Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Шайтмағанбетқызының жетекшілігімен «Цифрлық медиаменеджмент» білім бағдарламасы бойынша білім алып жатқан I курс студенттеріне «Ақпараттық қоғамдағы

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 48-ші беті

медиауасауаттылық маңызы» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатын кафедраның оқытушысы Жансая Ақылбек пен 2 курс магистранты Арайлым Мұрат өткізді.

Шара барысында студенттерге медиасауаттылықтың маңыздылығы түсіндіріліп, нақты мысалдар негізінде медиасауаттылық ұғымының мәні айқындалды. Болашақ журналистер «медиауасауаттылық», «медиапроцесс», «фактчекинг», «кибербуллинг», «фейкньюс» деген жаңа ұғымдармен танысып, олардың мағынасын түсінуге тырысты. Сондай-ақ факт пен пікірдің ара жігін ажыратып алуды үйренді.

Тәрбие сағатын жүргізу барысында студенттер үш топқа бөлініп, медиасауаттылықтың қалыптасуына кедергі келтіретін әлеуметтік желілердегі шабуыл, компьютерлік ойындардың зияны, жалған ақпараттарға талдау жасап, осы тақырыптар бойынша презентация қорғады.

Бірінші топ осыдан бірнеше жыл бұрын ғаламторда қызу талқыға түскен ойындардың бірі «Синий кит», «Тихий дом» туралы мәліметтер ұсынса, екінші топ компьютерлік ойындарға әуес болып өскен бала виртуалды әлемнің құлына айналып, реалды өмірден алыстап кетеді деген пікірді алға тартты. Ал, үшінші топ фейк жаңалықтарға талдау жасап, еліміздегі жалған ақпараттарды әшкерелейтін «stopfake.kz», «factcheck.kz» ресурстары туралы қызықты деректер ұсынды.

Тәрбие сағаты қызықты өту үшін студенттер медиасауаттылықты қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындады. Яғни пікір мен фактінің айырмашылығын түсініп, фейк ақпарат пен шынайы ақпаратты сәйкестендіріп, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастырды. Осылайша студенттер «Ақпараттық қоғамдағы медиасауаттылық маңызын» түсінуге тырысты.

**2020 жылдың 18 қарашасында** Баспасөз және баспа ісі кафедрасының оқытушысы Мақпал Ештанаева ҚЖ-41, 43 топтарында өтетін «БАҚ-тағы психологиялық ықпал етудің әдіс-тәсілдері» пәні бойынша Ашық сабақ өткізді. Сабақтың тақырыбы «Медиавирус және оның қоғамдық пікірге ықпалы» деп аталады.

Дәріс сабағы кафедраның жоспарланған кестесі бойынша өтті. Сабақтың мақсаты: медиавирус ұғымы және оның шығу төркіні мен қолданылуы жайлы толық мағұлмат беру болды. Масс медиадағы вирус ұғымын медицинадағы вирус ұғымымен салыстыра отырып түсіндірілген сабақта «медиавирус» терминін алғаш айналымға енгізген американдық бұқаралық коммуникация құралдарының маманы Дуглас Рашкоффтың және оның әріптестерінің еңбектері мен пікірлеріне сүйене отырып және оның бүгінгі күнгі қолданылу аясы туралы айтылды. Сондай-ақ, медиавирустың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын мемдер мен мемо-кешендер жайлы және оларды зерттейтін ғылым саласы «меметика» жайлы түсіндірілді. Сабақтың екінші жартысында теория мен практиканы ұштастыру мақсатында студенттер интернет желісінен өз беттерімен мемдер тауып, оларды жасырылған мән-мағыналарды, яғни идеологиялық кодтарды ашуға талпынды. Сабақ студенттер тарапынан қызығушылық туғызып, олардың көптеген сұрақтарына жауаптар берілді.

**2020 жылғы қараша айының 30 күні** ҚЖ-41,43 топтарында өтетін "БАҚ және экономика" пәні бойынша Ашық дәріс сабағы өтті. Пән оқытушысы Баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы Мақпал Ештанаева шақырылған дәріскер - Kaspi.kz БАҚ-пен байланыс басқармасының басшысы Ербол Шарубайұлы Азанбек мырзаны таныстырып өткен соң, студенттер қаржы, экономика саласының небір қызық та қиын салаларына сүңгіп кетті.

Ұзақ жылдар бойы қаржы саласында еңбек етіп келе жатқан және оның жартысынан көбін барша қазақ жұрты жаппай пайдаланатын, қалың көпшілікке жақсы танымал әрі қазіргі карантин кезінде күнделікті қажеттілікті шешудегі ең бірінші көмекшіге айналған КаспиБанктің жаңалықтары мен ұсыныстары, ондағы өзгерістер жайлы білгісі келген



	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 49-ші беті

факультеттің барлық курстағы студенттері мен профессор-оқытушылық құрам қатысқан кездесу өте тартымды өтті.

Еліміздегі экономикалық-қаржылық жағдай туралы жалпылама түсінік беріп өткен дәріскер, одан кейін арнайы дайындап әкелген слайдтарды пайдалана отырып, экономика саласында жазуға қызығушылық білдіретін студенттер үшін өте құнды кеңестер берді. Қандай ақпаратты қайдан алуға болады, жаңа мәліметтер іздегісі келген журналист қандай дереккөздеріне сүйенгені дұрыс деген мәселелерді ашып көрсетті.

Ашық дәріс сабағына қатысып отырған студенттер тарапынан қойылған сұрақтар өте көп болғандықтан, кесімді мерзімде оның бәріне жауап беру мүмкін болмайтындықтан, алдағы аптаның сейсенбісі, яғни 8 қараша күні Ербол Шарубайұлы Азанбек мырза тағы да бір дәріс сабағын өткізуге келісім берді.

### **9. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру**

**2020 жылдың 2 қазанында** Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультеті Баспа және баспа ісі жөніндегі кафедрасының 2 курс докторанты Тергембаева Кенжегүл «Ана болу бақытына» байланысты тәрбие сағатын өткізді. Сабаққа жетекшілік жасаған «Бас редакторлар клубының» вице-президенті, профессор Мұратбек Тоқтағазин көтеріліп отырған мәселенің өте өзекті екенін, сондай-ақ оның тікелей ұлт болмысына ықпалы зор атап көрсетті.


Ашық сабаққа қатысушы 4 курстың студенттері де белсенділік танытып, жалпы ана болу бақытына, отбасылық құндылықтарға қатысты салмақты пікірлерін айтты. Асқарбек Диас: «Ата-ана болуға барлығының құқығы бар. Сондықтан, ЭКО-ға деген көзқарасым оң» - деп, бала сүйе алмаған кезде медицинаның көмегіне жүгінген жұптардың іс-әрекеттерін дұрыс деп бағаласа, Құрақбаева Нұрай: «Қазіргі қыздар денсаулықтарын күтпейді, күн суық кезде жеңіл киіммен жүреді. Сосын, жаман әдеттерге үйір қыздар да бар. Бәріне топырақ шашпаймыз. Дегенмен, оған әсер ететін түрлі факторлардың бар екенін де ұмытпаған жөн болар. Айналып келгенде барлығы отбасындағы тәрбиеге байланысты» - деп, жанұядағы тәрбие мәселесіне жете мән беруге назар аудартты. Темрешева Камилла да отбасының алтын діңгегі болатын болашақ аналардың тәрбие мәселесіне баса назар аударуын, ұлттық құндылықтан ажырамай, бастыстық тәрбиеге еліктемей өмір сүру керектігін қолдайтынын жеткізді. Журналистика мамандығының 2 курс докторанты Өтемісов Жәнібек әріптесі К.Тергембаева өткізген тәрбие сағатына өз пікірін білдіріп, жоғары баға берді.

**2020 жылдың 19 қазаны күні** БІ-11 тобының кураторы Г.Ертасова «Діни экстремизм – қоғамның діни тұтастығын бұзатын әрекет» атты тақырыпта ашық кураторлық сағат өткізді.

Білім ордамызда діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жұмыстары жүргізілуде. Осыған орай, 2020-2021 оқу жылында діни экстремизм мен терроризмге бағытталған бірнеше іс-шара жалғасын тауып келеді. Осыған орайластырылған «Діни экстремизм - қоғамның діни тұтастығын бұзатын әрекет» тақырыбы ашық кураторлық сағатының қонағы - Нұр-Сұлтан қаласы Дін мәселелерін зерттеу орталығының Оңалту және бейімдеу бөлімі басшысы Ыбышев Ерхан Талғатұлы студенттерге аталған тақырып бойынша толыққанды мағұлмат беріп, білімалушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.

### **10. Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру**

**2020 жылдың 23 қазаны күні** БІ-11 тобының кураторы Г.Ертасова Бельгия Корольдігінің астанасы Брюссель қаласынан «Қазақстан» ұлттық арнасының Бельгиядағы тілшісі Нұрсұлу Қасыммен кездесу ұйымдастырды.

	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 50-ші беті

**2020 жылдың 31 қазан күні** ИД-11 тобының кураторы Г.Валиева онлайн кураторлық сағат барысында топ студенттері мен Tengrinews АА-нің журналисі Ботагөз Айтжановамен кездесу өткізді.

**Қараша айының 18-і күні** Журналистика және саясаттану факультеті Халықаралық студенттер күнін дәстүрлі түрде атап өтті. Студенттеріміздің күнтізбеде белгіленген өзіндік мейрамын атап өтуге планетаға төнген пандемия да кедергі келтіре алмады.

«Экран алдында...» деп атаған онлайн-концертті факультет деканы, профессор Қайрат Сақ: «Біз студенттік кезімізде тәуелсіздік үшін күрессек, сендер сол тәуелсіздіктің жемісін жеп жатырсыңдар. Сондықтан бұл кездерің – өмірдің ең бақытты, айшықты кезеңі. Сол бақытты бағалап, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына қызмет етулеріңе тілектеспін! Төл мерекелерің құтты болсын!» деген өзінің құттықтау сөзімен ашты.

Баспасөз және баспа ісі кафедрасының аға оқытушысы Гүлжазира Ертасова ұйымдастырған салтанатты шарада әрі қарай ән айтылып, күй төгіліп, жыр оқылып, жұмбақ жасырылып, жаңылтпаш айтылып, студенттеріміздің комедияға құрылған видеолары көрсетіліп, көкірек көзін ашар танымдық дүниелері мен көңіл көкжиегін кеңейтер көркем көріністер көпшілікке ұсынылды. Бітіруші курсымыз ізін басар 3 курсқа эстафета жолдады.

Кафедра ұстаздары бен Қытайдан, Моңғолиядан және елдің түкпір-түкпірінен Microsoft Teams платформасы арқылы қосылған барша білім алушылар рухани нәр алған кеш 2 сағатқа созылып, қатысушылар індет іргесін аулақ салып, онлайннан офлайнға көшуді тілеп, қоштасты.

**2020 жылғы 18 наурыз күні** кафедра қызметкерлері кафедра атынан Студенттер үйінде жататын білім алушыларға наурыз көже мен мерекелік дастарқанға азық-түлік апарып берді. Студенттер ұстаздары тарапынан болған мұндай сый-құрметке риза болып, алғыстарын ән-жырмен және күймен жеткізді.

**2020 жылғы 18 наурыз күні** кафедраның оқу бітіріп кеткен түлектері мен студенттері ұстаздарын Ұлыстың Ұлы Күнімен құттықтап, ән-күйден шашу шашты.

## 13 ҚОРЫТЫНДЫ, ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

### *13.1 Қорытынды, түрлі қызмет бағыттарын жетілдіру бойынша ұсыныстар.*

Журналистика және саясаттану факультетінің ПОҚ-ның 2020-2021 оқу жылындағы жұмысының нәтижесінде төмендегі жетістіктерге қол жеткізілді:

- Баспа ісі білім беру бағдарламасы бойынша Халықаралық пәндік олимпиада өткізілді (6 қараша, 2020);

- Баспасөз және баспа ісі кафедрасында 2020-2021 оқу жылында барлығы 18 оқу, оқу-әдістемелік шаралар, 8 онлайн ашық сабақ, 5 ғылыми семинар, 10 онлайн шеберлік сағаттары, 37 түрлі бағыттағы тәрбие сағаттары өткізілді. Пандемия жағдайына қарамастан білім алушылармен тығыз байланыс орнатылды.

- Онлайн сабақтардың сапасын арттыру, қашықтан оқыту технологиясы бойынша профессор-оқытушылардың біліктілік арттыру курсына кафедраның 8 оқытушысы қатысып, сертификат алды.

- ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің бастамасымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика және саясаттану факультеті (баспасөз және баспа ісі кафедрасы) ұйымдастыруымен «Медиакеңістіктегі конфессияаралық диалог: ортақ құндылықтар мен тәжірибе» атты отандық журналистерге арналған біліктілік арттыру курсы ұйымдастырылды. Курсқа барлығы 112 журналист қатысып, сертификат табысталды.

- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 25 жылдық мерейтойы аясында республикалық қоғамдық-саяси «Айқын» газетінің арнайы дәрiсханасы,



	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	Факультет есебі	Басылым: бірінші
	ЕҰУ Ф 403-15-18		51-тің 51-ші беті

«Медиадизайн» зертханасы ашылды. Дәрісханалардың ашылу салтанатына қоғам қайраткерлері, ҚР Парламент депутаттары, университет ұжымы және БАҚ өкілдері қатысты.

- Кафедра докторанты А.Жанысбаева докторлық диссертациясын аяқтап, қорғауға дайындалса, А.Шүрентаев университеттің Этикалық комиссиясынан өту үшін өтініш білдірді. 3-курс докторанты Г.Амангелдиева диссертациялық жұмысын кафедраның кеңейтілген мәжілісіне талқылауға ұсынды.

ПОҚ-ның 2020-2021 оқу жылындағы жұмысының нәтижесіне орай, журналистика және саясаттану факультеті бойынша қызметтерді жақсарту бойынша төмендегі жұмыстарға назар аудару қажет:

1. Жаңа технологияларды, оқытудың жаңа әдістемелерін қолдану бойынша оқытушылардың шығармашылық әлеуетін және оқу үдерісін дамыту;

2. Оқу-әдістемелік әдебиеттерді даярлау бойынша жұмыстың белсенділігін арттыру, сонымен қатар жарияланатын оқу-әдістемелік әдебиеттердің сапасын арттыру және шығарылатын оқу құралдары санын көбейту.

3. Видеолекция базасын жасақтау мақсатында МООС-та курстар жаздыру.

4. ОПК ғылыми әрекеті барысында импакт-факторы жоғары журналдарында ғылыми мақалалар санын көбейту қажет; ҚР БҒМ желісі бойынша ғылыми гранттық жобаларға қатысуын арттыру; ғылыми гранттық Халықаралық жобаларға қатысуын арттыру; білімалушыларды ғылыми іс-әрекетке тарту; жақын және алыс шетел ЖОО бірігіп ұжымдық бірлесіп дайындаған монографияларды шығару.

5. 6. Халықаралық байланысты нығайту.

Факультеттің жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар:

- Университет базасында біліктілікті арттыру мақсатында әдістемелік- семинарлар, тренингтер және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және өткізу;

- ПОҚ-н шетелдік тағылымдамаларға, халықаралық симпозиумдар мен конференцияларға университет тарапының қаржылай көмегі арқылы жіберу;

- Шетелдерде кәсіби біліктілігін арттырып келген және «Болашақ» халықаралық бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан өтіп келген университет/факультет оқытушыларын тарту;

**Кафедра меңгерушісі**  
**Г.Ш.Әшірбекова**

\_\_\_\_\_

(қолы)

**15.06.2021.**

(күні)